

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

30.10.2023 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

1. Жумабаев Уалихан Агабекович – б.ғ.д., доцент, «Жалпы хирургия» кафедрасының доценті

Комиссия мүшелері:

1. Каукешова Нурсулу Агзамовна, «Акушерлік іс және гинекология» кафедрасының оқытушысы
2. Даулетова Меруерт, м.ғ.к. «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының аға оқытушысы
3. Алдабергенова Шырай Адилханқызы «Жалпы хирургия» кафедрасының оқытушысы
4. Саруаров Ерболат, оқытушы, «Морфология және физиология» кафедрасының оқытушысы
5. Сердалиева Инкар Бекжигитовна, «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының оқытушысы
6. Шалтаева Меруерт, Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің әдіскері
7. Нахипова жанат, ҚДС, докторант 1 курс
8. Тоқтасын Әбунасыр. Медицина, магистрант 1 курс
9. Орынбасар Сая, медицина, бакалавр 4 курс

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндері бойынша контенттердің portal.ayu.edu.kz-ке толық және сапалы жүктелгенін тексеру;
2. ББ пәндерін жүргізетін профессор-оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау;
3. Қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

1. Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алып, 2023-2024 оқу жылдары үшін ББ пәндері бойынша контенттердің portal.ayu.edu.kz-ке толық және сапалы жүктелгенін тексеру нәтижелерінің қорытындысы бойынша кейбір кафедралар бойынша пәндер контенттерінің толық емес жүктелгендігін баса айтты. Контенттерді жүктеу үшін шартты уақыт беріліп, сол аралықта олқылықтың алдын алу бойынша тапсырмалар беріліп, қадағалау жұмыстарының оқу ісі жөніндегі декан орынбасарымен бірге жүргізілетіндігі айтылды.

Шешім: ББ пәндері бойынша контенттердің portal.ayu.edu.kz-ке толық және сапалы жүктелгеніндігі туралы мониторинг қайта жүргізіліп, қадағалансын.

2. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша комиссия төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтауға жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді. Кафедра оқытушылары «Damu» ЖШС, «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру бойынша өз өтетін пәндерін онлайн форматта біліктілікті жетілдіру курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» және «Қашықтықтан білім беру» курсы ұйымдастырылып, барлық ОПҚ осы курстан өтіп арнайы сертификаттар берілді.

Шешім Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынуы бақылауға алынсын. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша біліктілік талаптарға сәйкестігін бекітілген талаптарға сәйкес деп танылсын.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович сөз алып күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша баяндады. Қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін жоғары деңгейде өткендігін саралап, комиссия мүшелеріне өз алғысын білдірді. Қараша айының шаралар жоспарына шолу жасалынып, әрекет алгоритмдері құрылу керектігіне тоқталды.

Шешім Қазан айы бойынша орындалған шаралар жоғары деңгейде деп танылсын, және Қараша айы үшін жоспарға сәйкес әрекет алгоритмі құрылсын.

Мәжіліс төрағасы:

 У. Жумабаев

Мәжіліс хатшысы:

 Е. Саруаров